ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

23 қазан 2024 жыл №7527-24-00-2/13213 іс Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М. Тұрғұнбаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі арқылы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикалық Телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Айдиля» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-2, 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы қоюшы «Қазақстан Республикалық Телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы жауапкер «Айдиля» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айбын өндіріп беру туралы талап арызы ішінәра қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Айдиля» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Айдиля» жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикалық Телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғам пайдасына 16 450 (он алты мың төрт жүз елу) теңге айыппұл және 493 (төрт жүз тоқсан үш) теңге 5(бес)тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Айдиля» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің

көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотына, ҚР АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.М. Тұрғұнбаев**

Құжатқа қол қойылған: Тургунбаев А. М., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.12.2024, судья Тургунбаев А. М., 25.12.2024